

Мектептегі мерекелер №12 (162) 2021

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

С. Кужахметова, А. Ибраимова. Желтоқсан – тәуелсіздік бастауы.....	3
А. Таубаева. Мұғалім болу – мақсатты іс	5
Ш. Набиева. Оқуға құштар баланы тәрбиелеудегі рухани құндылықтар ордасы	8
М. Дикамбаева. Қарты бар үй – қазыналы үй.....	11
А. Қалдыбаева. Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздікке 30 жыл	14
А. Кемалова. Ұлт ұстазы – Ыбырай.....	17
Ж. Самарбаева. Ұлт Ұстазы – Ыбырай	18
Г. Гайсина. Балалар және жасөспірімдер кітап оқуын қолдау жылын қорытындылау кеші	20
Ә. Боранқұлова. Бала тәрбиесі – басты назарда!	23
Б. Акмурзаева. Тәуелсіздік Деп Соғады Жүрегіміз... ..	25
Д. Жұбатова. «Үміттен» – «Абайға» дейін	27
Г. Исанбаева. Тыйым сөздер – тәрбие көзі	30
Г. Жұбан. Сөз мерген.....	33
Р. Жаханова. Кім жылдам?	35
Қ. Курманова. Ы. Алтынсарин «Бай баласы мен жарлы баласы»	37
П. Женисова. Ұлы елдің ұрпағымын.....	39

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
09.12. 2021 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

**Кіршібаева Райхан
Ахметқазықызы –**
эл-Фараби атындағы
№145 жалпы білім беретін
мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары.
Алматы қаласы.

**Тлеубаева Сәния
Өскенбайқызы –**
М. Мақатаев атындағы
№140 гимназия директоры.
Алматы қаласы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Желтоқсан – тәуелсіздік бастауы

Мақсаты: оқушыларды өз Отанына шексіз берілген, патриоттық рухы жоғары, қайсар желтоқсан жауынгерлерімен, тәуелсіздік жетістіктерімен таныстыру. Желтоқсанда қыршын кеткен ағалар рухына тағзым етуге, есімдерін қастерлеуге тәрбиелеу, тәуелсіздік жетістіктерімен таныстыру.

1-жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті де қымбатты, ұстаздар мен оқушылар! Тәуелсіздігіміздің 30

жылдығына арналған «Желтоқсан – тәуелсіздік бастауы» атты әдеби-музыкалық композицияға қош келдіңіздер!

2-жүргізуші: Тәуелсіздік жолы оңай жол емес. Біздің еліміз бүгінгі күнге қиын-қыстау, даңқты жолдардан өтіп келді. Сондықтан тәуелсіздігіміздің бағасы теңдессіз. Тәуелсіздігіміздің тұғыры әрқашан биік болсын!

1-жүргізуші: Желтоқсан оқиғасы... Осы бір ауыз сөзден ызғар есіп тұрғандай. 1986 жылдың желтоқсаны қасіреттің соңы, бақыттың басы еді. Желтоқсан оқиғасының құрбандары – Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Сабира Мұхамеджанова, Ербол Сыпатаев және басқа құрбандарды еске алып, оларға тағзым етейік.

Желтоқсан құрбандарын бір минуттық үнсіздікпен еске алу.

2-жүргізуші: Қазақстан өз тәуелсіздігіне оңай жеткен жоқ. Осы күресте Желтоқсан оқиғасының алатын орны ерекше. М. Шахановтың «Төрт жыл кешіккен шындық» өлеңі:

Әр дәуірдің еркіне сай нарқы өзгерген алтынның,

Айналайын алтын әнім, жас өркені халқымның.

Желтоқсанда

Шындық жырын шырқаймын деп шарқ ұрдың,



Желтоқсанда егеменді ел болам деп талпындың.

Өсер ұлдың қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,

Өздеріндей ер намысты жас өркені бар елдің,

Ешқашан да еңкейуге тиісті емес жалауы.

«Желтоқсан желі» әні орындалады.

8 «Б» оқушысы Нұрбек Қызжібек «Жаратқанның рахымы» өлеңін оқиды.

1-жүргізуші: Сабира Мұхамеджанова 1965 жылы Шығыс Қазақстан облысында дүниеге келген, Өскемен оқу орнының студенті еді. Қатыгездікке араша түсем деп жүргендердің арасында Қайрат Рысқұлбеков те бар еді, ол — ең жоғары ату жазасына іліккендердің бірі. 1988 жылы 21 мамырда Семей қаласында 21 жасында қайтыс болды.

2-жүргізуші: Ләззат Асанова Алматы облысы Ақжазық ауылында 1970 жылы дүниеге келген, музыкалық училищеде оқыған, көтерілісте қаза болған. Сол Желтоқсан оқиғасы қанша ызғарлы естілсе де, жанымызға нұр септі, егемендікті алып берді, ұлттық сана-сезіміміз оянды, тәуелсіздік туын көкке көтердік.

Қазағымның бодан болмау арманы,

Ол көрмеген қиындығы қалмады.

Бүгін міне егеменді ел болып,

Есте болар тәуелсіздік алғаны.

8 «Б» сынып оқушысы Иманберді Мерей «Нәубеттердің нүктесі болып тамған күн» өлеңін оқиды.

1-жүргізуші: Тәуелсіздік — біздің ең басты игілігіміз, жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады. Ендігі дәуір болашағы серпінді дамуға байланысты, әрбір қазақстандық өзінің жетістіктерін туған Отанына, еліне арнап, елінің нағыз патриоты болуы керек. Патриотизм — Отанға деген сүйіспеншілік, туған жерін, қасиетті ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрметтеу. Тәуелсіздік жылдарындағы еліміздің 30 жетістігін айтайын.

8 «Б» сынып оқушысы Сейдасқар Ұлбике «Туған елім» өлеңін оқиды.

2-жүргізуші: Әрбір адам бақытты болуға лайық, бірақ кейде бақыттың бағасын білмейміз, біз бақыттымыз, біз — ел бақытымыз, болашақтың тірегіміз, тәуелсіздігіміз баянды да, бақытты болуы үшін біз де өз үлесімізді қосып, сабақты жақсы оқып, білімді ұрпақ болсақ, ел болашағы, ел бақыты деген міне сол емес пе?

«Менің Қазақстаным» әні орындалады.

С.А. КУЖАХМЕТОВА,

А.С. ИБРАЙМОВА,

М. Мақатаев атындағы №14 орта мектеп кітапханашылары.

Тараз қаласы,

Жамбыл облысы.

Мұғалім болу — мақсатты іс



**Лайлагуль
Кемелбаевна
ТАУБАЕВА,
С. Жиенбаев
атынағы орта
мектебінің қазақ тілі
мен әдебиеті пәні
мұғалімі.
Оймауыт ауылы,
Байғанин ауданы,
Ақтөбе облысы.**

Өмірге бала келеді. Ұрпағының жалғасқанына қуанған ата-анамен қоса, шарылдаған шарана даусына бүкіл әлем шаттанады. Себебі түсінікті...

Ақ парактай жаратылған сәби

санасы есейе келе қоршаған ортаның әсерімен және түрлі тәрбиенің ықпалына қарай қалыптасады. Ал, бала жанының бағбаны — ұстаз.

Бүлдіршін бойына гүл егіп, санасына нұр құятын ұстаздық соқпақ салмағы соншалықты ауыр екенін сезбеппін. Себебі, даналықты іздеп, ұлы жолға түскен жанның алдында үлкен міндет тұрады. Ол — еліміздің жарқын болашағын қалайтын, бойында «халқым» деген бұла сезімі бүлқынған отансүйгіш, зердесінде оқуға деген құштарлық тасыған, білімді де ойлы, ұлттық рух сіңірген тәрбиелі азамат қалыптастыру. Мен



де сол игі міндет пен биік жауапкершілікті арқалаған, «ұстаз» деген абыройлы атқа ие болуға талпынған жанмын.

Ұстаздық қызметті биік баспалдаққа теңедім, өйткені зерделі жастың білім мен білік белестерінде үнемі өсу мен өрлеу болатынын білдім.

Бүгінде мұғалімге қойылатын талап өте салиқалы — жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы білім беру. Олардың жан-жақты қабілеттерін жетілдіру және танымдық күшін қалыптастыруға жағдай жасау. Оқу-тәрбие үрдісінде оқытушы өз білімін ұдайы жетілдіру арқылы ғана оқушының талғамы мен талабын арттыруға үлесін қоса алады. «Сабак беру жай ғана шеберлік емес, ол —

жаңадан жаңаны табатын өнер», — деп Ж. Аймауытов айтқандай оқыту жүйесінде жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде.

Қазақ тілін оқыту — қиын да, қызықты іс. Ана тілінің тұнығын лайламай, сөз маржандарын тере отырып, бала жанын асылдандыру — көп еңбекті, жан-жақтылықты, шығармашылықты, терең білімді қажет етеді. Тарих қойнауындағы рухани жәдігерлерімізді жаңғырту мақсатында оқушылармен бірлесе жасаған «Шежірелі өлке — Доңызтау», жерлес, ауылдас ақынымыз Сағи Жиенбаев еңбегіне арналған «Сағи Жиенбаев шығармаларындағы ана образы» тақырыптарындағы ғылыми жұмыстарымыздың республикалық ғылыми жоба байқауларында





жүлделі орындарға ие болуының өзі талмай ізденген еңбек нәтижесі.

...Адамның бір қызығы бала деген,

Баланы оқытуды жек көрмедім,
- деген данышпан Абайдың өсиеті әрбір ұстаз ұстанымына ұласты.

«Мұғалім — рухани дамыған, педагогикалық құралдардың барлығын шебер меңгерген білікті маман. Ол жоғары білімді шығармашыл тұлғаны қалыптастыру жолында үлкен жауапкершілікпен жұмыс істейді», - деп сарабдал саясаткер Н.Ә. Назарбаев ұстаздарға құрметпен қарайды.

Білім және тәрбиесімен халқына қызметтенген, дарыны мен талан-

тын елінің болашағына бағыттаған, рухы мен намысын ұлтының ұраны еткен ұрпақ өссе — ұстаздың ұлықталғаны.

- Ұстаздық қиын іс пе еді?

Көпшілігі: «Қиын іс», - деді.

Еш бейнетсіз қай бақтың,
Жемісі тәтті піседі?!

Жақсы ана болсам балама,
Жақсы ұстаз болсам балаға.

Бір парыздың өмірлік,
Өтелгені бола ма.

Түзу өссе «терегім»,
Тола түссе «кемелім».

Айқындалған **бір мақсат**,
Орындалды дер едім...

Оқуға құштар баланы тәрбиелеудегі рухани құндылықтар ордасы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы Білім беру ұйымдарының кітапханаларын перспективті дамытудың және «Оқуға құштар мектеп» жоспарын орындау мақсатында осы жылғы қазанның 11-13 күні аралығында Қапшағай қаласындағы Республикалық оқу-сауықтыру орталығында «Оқуға

құштар баланы тәрбиелеудегі мектеп кітапханасының рөлі» тақырыбында мектеп кітапханашыларының республикалық семинары өтті.

Семинарға мектеп кітапханашылармен бірге ҚР БҒМ Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана қызметкерлері, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалдарының кітапхана мамандары, «Балдәурен» РОСО мамандары, Назарбаев зияткер-





лік мектептері мен республиканың жалпы білім беру мекемелерінің кітапхана меңгерушілері, аудандық, қалалық білім бөлімдерінің кітапхана ісі жөніндегі әдіскерлері қатысты.

Семинардың мақсаты: оқуға құштар баланы тәрбиелеуде кітапхананың рөлі мен мүмкіндігін арттыру, кітапхананың қызмет көрсету формаларын жетілдіру және дамыту, заманауи әдістерді меңгеру, тәжірибе алмасу, кітапханашылардың кәсіби біліктілігін арттыру.

Семинардың ашылу салтанатында Қапшағай қаласындағы «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығының кешен басшысы Джалаева Ляззат Ахимбековна шара маңызын, өзектілігін айта келіп, семинардың жұмысына сәттілік тіледі. Пленарлық мәжілісте

Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана ғылыми-әдістемелік бөлімшесінің басшысы Емишова Аманкуль Бастаубаевна, ҚР БҒМ Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының директоры Сайдембаева Алия Шуратовна «Оқуға құштар баланы тәрбиелеудегі мектеп кітапханасының рөлі» атты баяндама жасады. Өз кезегінде кітапханашылар да кітапхананың өзекті мәселелері жөнінде өз ойларын ортаға салып, ұсыныстар айтып пікір алмасты.

Семинар жұмысы Алматы қаласындағы Ж. Жабаев атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасына саяхат жасаумен жалғасын тапты.

Келесі күні секция барысында көрсетілген әдіс-тәсілдер, практикалық жұмыстар басым болғаны кітапханашыларға ұнады, өйткені



теорияны практикамен ұштастырудың тиімділігі маңызды.

Семинар кезінде «Білгір кітапханашы — 2021» зияткерлік байқауы шарасы қызықты өтті. Байқаудың қорытындысы шығарылып, жеңімпаздар марапатталды. Бас жүлде Жамбыл облысынан келген кітапханашы Секеева Нұрсұлу Рыскелдиновнаға бұйырды. Ал семинардың жабылуында барлық кітапхана қызметкерлері Алғыс хат пен сертификаттарға ие болды.

Қорыта айтқанда, кітапханашылар семинарының пайдалы, тиімді тұстары көп болды. Әріптестер қа-

тысқан семинар кітапхана қызметінің теориялық және практикалық аспектілерін түсінуге көмектесті деп үміттенеміз.

Кітап оқуды насихаттаудың жаңа заманауи әдістері — бұл заман талабы. Кітап — рухани қазынамыз. Кітапхана — рухани құндылықтың ордасы.

Шолпан Отарқызы НАБИЕВА,
«Балдәурен» Республикалық
оқу-сауықтыру
орталығының кітапханашысы.
Қапшағай қаласы,
Алматы облысы.

Қарты бар үй – қазыналы үй



Мейрамгүл
ДИКАМБАЕВА,
Әл-Фараби атындағы
№145
жалпы білім беретін
мектептің
бастауыш сынып
мұғалімі.
Бостандық ауданы,
Алматы қаласы.

Мұғалім сөзі:

Қош келдіңіз, ақ жаулықты ана-
лар,

Ақыл кенін арқалаған аталар.

Алдарында жауқазындай құлпыр-
ған,

Біз алаңсыз балғын шақты бала-
лар.

Аппақ шашың күн сайын қылаң-
даған,

Зейнет емес бейнеттен арылма-
ған.

Тәңірімдей табынып өтем мәңгі,

Қариялар өзінді ел сыйлаған.

Ел мүддесін бәрінен биік қоя-
тын, өзінен кейінгі ізіне ерген іні-
леріне ізеттігін аямайтын, ізінен
ерген ұрпағына ұлылығын ұяла-
тып, бір қауымға бас-көз бола біл-
ген қарттарымыздың орны ерекше.
Олай болса, әр халықтың бойында
ықылым заманнан бері қалыпта-
сып оны өзгелерден даралап тұра-
тын, тек өзіне ғана тән қасиеттері
болады. Біздің халқымыздың сон-

дай ерекшеліктерінің бірі — үлкенді
сыйлау, оның сөзіне құлақ асу. Қа-
зақ қарты жасына лайық ауызы дуа-
лы, сөзі берекелі, ісі тыңғылықты,
ойы терең, ақылы тілегей теңіз бо-
лып келеді. Міне, осындай теңеуге
лайық қарияларды жылына бір рет
келетін 1 қазан — Қарттар күнімен
құттықтай отырып, «Қарты бар үй
— қазыналы үй» атты кешімізге қош
келдіңіздер дегім келеді. Кешімізді
бастамас бұрын сөз кезегін береміз.

Той деп бүгін шашу шашады,

Той деп бүгін әлем сырын ашады.

Қарттар күні мейрамына арнал-
ған,

Бишілер өнерлерін шашады.

Сыныбымыздың биші қыз-
дарын сіздердің қошеметтері-
ңізбен ортамызға шақырайық!
«Қара Жорға» биі орындалады.

Қадірлі ата-әжелер, бүгінгі ме-
рекелеріңізбен шын жүректен құт-
тықтаймыз. Сіздер жас ұрпаққа әр-
қашан төзімділіктің, даналықтың
үлгісі болып келесіздер. Сіздерге
зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Халқымызда «Бала деген бал
екен» деген сөз бар. Бала, немере
туралы ақын Мұзафар Әлімбаев бы-
лай дейді:

«Бала деген бал екен,

Бал дегенің бала екен.

Немеренің бойында,
Бар жақсылық бар екен.
Туған балаң жай ғана,
Демесең де жат бөтен,
Нағыз бала ойласаң.

«Немере» деген тәтті екен,

«Немере» деген тәтті екен, деген-
дей, келесі кезекті оқушылардың
ата-әжелеріне деген жыр шумақта-
рына берелік.

Сіздерсіздер бүгінгі ұлықпандар,
Мың жасаған ұрпақпен ұлық
жандар.

Қарттар — тарих, қазына, ел қазы-
ғы,

Ей, адамзат, осыны ұмытпандар!

«Асыл әжем» әні орындалады.

Қарттарды құрметтейтін, олар-
дың алдындағы перзенттік пары-
зын үлкен ынтамен орындайтын,

әдептілік, кішіпейілділік, сергек се-
зімталдық көрсету сынды қасиеттер
қанына сіңіп, жүрегіне ұяламаған
ұрпақтан не опа, не қайыр?! Адам-
ның өмірінің мәні мен сұлулығы,
адамның келешегіне сенімділігі — ол
баланың ата-анасын ардақ тұтып,
өзінің перзенттік қарызын бір сәтке
де есінен шығармауында. Қарт кісі-
ні құт-береке деп танысақ — ол ұр-
пақ көрегендігі. Ұрпағы құрметтеген
ата-ана әр кезде де бақытты.

Бейне түсірілім көрсетіледі.

Ата-әжем — мақтанышым менің де,
Қонақ болып отыр менің төрімде.
Өзіңе арнап былай тәтті үніммен,
Ән салатын кезім келді менің де.

«Туған жер» әні орындалады.

Ата-апаларымызға сұрақтар бері-
леді?



- Сіздер қандай оқушы болдыңыздар?

- Балалық шағыңызда кім боламын деп армандадыңыздар?

- Сіздерге алғаш әліппені ұстатып, білім нәрімен сусындатқан алғашқы ұстаздарыңыз кім болып еді?

- Сіз адам бойындағы қандай қасиетті бағалайсыз?

- Оқушылардың ата-әже туралы эсселеріне кезек берелік.

Ата-бабаң ардақты,
Жамандыққа бармапты.

Ардақ тұтып үлкенді,
Ата жолын жалғапты.

Ата-әжелері бата береді.

Мұғалім сөзі:

Көп жасаған қария,
Ақылы теңіз — дария.

Көп өнеге сөзі бар,
Сөзі соқпақ, сөзі нәр.

Ата салты ардақты,
Әрбір сөзі салмақты.

Сол сөздерді ұқпасан,
Тістерсің бір күн бармақты.

Міне, балалар, біз өзіміздің ата-әжелеріміз алдында қарыздармыз. Ол қарызымызды тек жақсы тәрбие арқылы, адамгершілігі мол, мейірімді болу арқылы ғана, оларды көрген жерде құрметтеп сыйлау арқылы ғана қайтара аламыз.

Қарттарымызды ардақтап өтейік! Оларды сыйлаңдар, қадірлеңдер! Қарияларды тек қариялар күні еске алмайық, әрқашан жадымызда жүрсін.

Өзгерген не?

Адам ба? Әлде заман ба?

Ата-анаға деген парыз қалмаған ба адамда,

Ей, адамдар!

Құрметтендер, үлкенді,

Одан ешкім кем болған жоқ ғаламда! - деп бүгінгі тәрбие сағатымыз аяқталады.

Келіп қатысқандарыңызға көп рахмет, келесі жүздескенше сау-саламат болайық!



Қарттар мерекесінің қарсаңында оқушылармен бірге қарт кісілерді құттықтап, оларға сыйлықтар табыс етілді.

Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздікке 30 жыл



Алма Манабайқызы
ҚАЛДЫБАЕВА,
Ақсуат орталық
кітапханасының
кітапханашысы.
Тарбағатай ауданы,
Шығыс Қазақстан
облысы.

Мақсаты: Еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата-бабаларымыздың ерлігін паш ету, оқушыларға желтоқсан құрбандарымен, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға-апалардың ерлігін үлгі етіп көрсету.

Оқушылардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту.

Елін, жерін сүйе, Отанын қас-терлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеу. Оқушылардың танымдылық қабілеттерін дамыту.

1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы қабылданды. Тәуелсіздік — тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Отыз жыл ішінде елдің әл-ауқатын көтеріп, төл мәдениеті-

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

міз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар жасадық. Елімізде білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде. Тәуелсіздік — біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады.

Қазақ халқының егемендікке ұмтылған қадамы сәтімен жүзеге асты. Дүниеге жаңа мемлекет — Тәуелсіз Қазақстан Республикасы, дербес қазақ елі келді. 1991 жылдың 17 желтоқсанында Алматыдағы Орталық алаңда Қазақстан Республика-

сының мемлекеттік тәуелсіздігі жариялануына және 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының бес жылдығына арналған митинг болы өтті.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы 2021 жылды — Тәуелсіздіктің 30 жылдығы ретінде жариялады. Мемлекет басшысы былтырғы қазан айының 22-і күні ұйымдастырылған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің төртінші отырысында биылғы жаңа жыл Тәуелсіздіктің 30 жылдығы атауымен айрықша атап өтілетіндігін айтқан болатын. Бұл — өткен жолымызды зерделеуге жақсы мүмкіндік. Біз қастерлі Тәуелсіздіктің отыз жылдығына қадам басамыз. Бұл — баршамызға ортақ өнегелі өлшем, тағылымды кезең. Жаңа мемлекет құруға атсалысқан бүкіл халқымыздың ерен еңбегінің тарихи шежіресі. Сондықтан, мен келесі жылды «Тәуелсіздіктің 30 жылдығы» деп жарияладым. Өткен әрбір он жылдық атқарған миссиясы тұрғысынан ғасырдың жүгін арқалап тұр. Алғашқы он жылдық егемен Қазақстанның өз дербестігін қалыптастыру кезеңі болды. Екінші он жылдықта еліміз тұғырын нықтап, керегесін кеңейтіп, іргесін бекітті. Үшінші он жылдықта мемлекетіміз шын мәнінде кемеліне келіп, әлемдік саясаттың төріне озды, - деді.

Оқушылар «Жұлдыздар» және «Алғырлар» болып екі топқа бөлінеді.

Әр топқа кезекпен сұрақтар қояды.

Топ басшыларымен сайыс: тізбек түрінде қойылатын сұрақтарға топ басшылары 5 секунд ішінде жауап беру керек.

Сұрақ-жауап:

1. «Ленинградтық өрендерім» өлеңінің авторы кім? (Ж. Жабаев)
2. «Кел, балалар оқылық» өлеңінің авторы кім? (Ы. Алтынсарин)
3. «Әсемпаз болма әрнеге, Өнер болсаң арқалан. Сен де бір кірпіш дүниеге Кетігін тап та, бар қалан» өлеңінің авторы кім? (А. Құнанбаев)
4. Қазақстанның тұңғыш ғарышкері кім? (Т. Әубәкіров)
5. Қазақтың «Бұлбұл әншісі» деп кімді айтады? (Бибігүл Төлегенқызы)
6. Қай әншіге Қазақтың «Қаһарман» атағы берілді? (Р. Бағланова)
7. Революцияға дейін біздің республиканың астанасы қалай аталды? (Ақмола)
8. Қазақстанның астанасы қай қала? (Нұр-Сұлтан қаласы)
9. Қазақстанның қай демалыс орнын «Екінші Швейцария» деп атайды. (Бурабай курорты)
10. «Сүйінші» сөзі нені білдіреді? (Жағымды жаңалық)
11. Ол түрік отбасында дүниеге келген. Көп тілді меңгерген, Шығыс елдерін көп аралаған, 870 жылы Отырар қаласында дүниеге келген. 100-ден аса ғылыми кітап жазған кім? (Әл-Фараби)

12. Халық қаһарманы, жазушы, «Артымызда Москва» кітабының авторы кім? (Б. Момышұлы)

13. Қай қызға Совет Одағының батыры атағы берілді? (М. Мәметова)

14. Қазақстан қай елмен шектеспейді? (Тәжікстан)

15. «Көшпенділер» трилогиясының авторы кім? (И. Есенберлин)

16. Қазақстанның ұлттық валютасы қай жылы қолдана бастады? (Қараша, 1993 ж.)

17. Көктем мерекесінде болатын жаңа жылдың қазақша айы қалай аталады? (Наурыз)

18. Қазақтың педагог-ағартушысы, алғашқы рет Қазақстанда қыздарға арнап училище ашқан кім? (Ы. Алтынсарин)

19. Әбілхан Қастеев кім? (Суретші)

20. Жамбыл Жабаевтың өзіне пір тұтқан ұстазы кім? (Сүйінбай)

21. Қазақтарды хан дәуірінде билеген кім? (Хан)

22. Қазақ халқының ұлттық аспабы не? (Домбыра)

23. Киіз үйдің күмбезі не? (Шаңырақ)

24. Қазақша жаңа жылды қашан тойлайды? (Наурыз)

25. Қазақтың ұлттық ат жарысын қалай атайды? (Бәйге)

26. «Абай жолы» роман-эпопеясының авторы кім? (М. Әуезов)

27. Атақты күйші кім? (Құрманғазы Сағырбаев)

28. «Жеті жарғы» заң жобасын

жасаған кім? (Тәуке хан)

29. Шоқанның шын аты кім? (Мұхамедқанафия)

30. «Сәукеле» деген не? (Ұлттық бас киім)

31. Қазақтардың бұрынғы баспанасы (киіз үй)

32. Бие сүті не? (Саумал)

33. Қазақстан мемлекетінің тәуелсіздік күні қашан? (16 желтоқсан)

34. Еліміздің рәміздерін ата. (Елтаңба, ту, әнұран)

35. Мемлекеттік елтаңбада не бейнеленген? (Шаңырақ)

36. Абайдың туған жері (Шыңғыстауының етегінде)

37. Біздің Отанымыз – Қазақстан қайда орналасқан? (Еуразияда орналасқан)

38. Еліміздің ірі-ірі қалалары? (Нұр-Сұлтан, Алматы, Семей, Қызылорда, Өскемен, Шымкент, Тараз, Қарағанды, Петропавл)

39. Мемлекеттік тіл қандай тіл? (Қазақ тілі)

40. Мемлекеттік рәміздеріміз? (Ту, елтаңба, әнұран)

41. Қазақстан қандай мемлекет? (Тәуелсіз, демократиялық, егеменді, құқықтық)

Отан туралы мақал-мәтелдерді есімізге алайық.

Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, халқымыздың еңсесі жоғары, егемендігіміз баянды болсын деп тілейік. Тәуелсіздік күні құтты болсын! Келесі кездескенше сау болыңыздар!

Ұлт ұстазы – Ыбырай

Ыбырай Алтынсарин (1841-1889) — қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері. Ол 1841 жылы қазіргі Қостанай облысының аумағында дүниеге келген. Міне биыл қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогына 180 жыл толып отыр. Бұл біз үшін үлкен



мерейтой болып табылады. Өйткені жазушының балалар үшін жасаған және Қазақ еліне сіңірген еңбегі орасан зор.

2021 жылдың қараша айында Ақтөбе қаласының №5 С.Я. Маршак атындағы Қалалық балалар кітапханасында қазақ педагог-ағартушысы Ы. Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай, сонымен қатар биылғы «Бір ел — бір кітап» акциясы бойынша Ы. Алтынсариннің «Өнер — білім бар жұрттар» атты кітабы тандалды. Соған байланысты

кітапханамызда да Ы. Алтынсариннің «Өнер — білім бар жұрттар» кітабы кеңінен таныстырылды. Шара барысында қаламыздағы Жұмабек Тәшенов атындағы №68 жалпы білім беру орта мектебінің 5 «Ә» сынып оқушылары ақынның өлеңдерін мәнеріне келтіріп жатқа айтып берді. Сынып жетекшілері Тлеума-



гамбетова Жанаргүл Тасболатқызы ағартушының «Өсиет өлең» өлеңін шәкірттеріне үлгі етіп, өлең жолдарының мағынасына тоқталып түсіндіріп айтып берді. Оқырмандарға викториналық сұрақтар қойылып, ақынның өмірі, шығармашылығы туралы слайд көрсетілді. Тақырыпқа байланысты жасақталған көрмені кітапханашы Р. Жумагулова таныстырып өтті. Көрмедегі кітаптардың ішінен үйлеріне жаздырып алды. Кездесу барысында оқушылар Ы. Алтынсариннің шығармалары-

нан ой бөлісіп, белсене қатысып, ұлы педагог туралы қызықты ақпараттармен бөлісті. Оқырмандарымыз сұрақтарын қойып, сұрақтарына жауаптарын алып тарасты.

Ыбырай Алтынсарин қазақ жастарын оқуға, ізгілікті, мейірімді, еңбекқор болуға, өз халқын сүйге шақырған. Міне сондықтан да әрбір Қазақ азаматы біздің осындай

керемет дана, ағартушы-педагог, ұлы тұлғамыздың барына қуануымыз қажет.

**Ақмарал Сүлейменқызы
КЕМАЛОВА,
№5 С.Я. Маршак атындағы
қалалық балалар
кітапханасының кітапханашысы.
Ақтөбе қаласы.**

Ұлт ұстазы – Ыбырай

«XIX ғасырда қазақ даласынан шығып, орыс, Еуропа мәдениетіне қолы жеткен оқымысты, халық ағартушылар дәрежесіне көтерілген әрі педагог, әрі ақын-жазушы Ыбырай Алтынсариннің өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор»
Қ. Жұмалиев

М. Ломоносов атындағы орталық кітапханасында 2021 жылдың 19 қараша күні балалар әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойына орай «Ұлт ұстазы – Ыбырай» атты әдеби кеші өткізілді. Кеш мақсаты Шығыс жұлдыздарының ішінде өзіндік орны ерекше Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы туралы оқушылардың білімін толықтыру. Тіл білімінің негізін салушы, ұлт мақтанышы Ы.Алтынсариннің шығармаларынан ғибрат алу, оқушыларды еңбекке, иманжүзділікке тәрбиелеу.

Ыбырай Алтынсарин мейлінше қиын жағдайда жұмыс істеді, талай





хана қызметкерлері Ы. Алтынсаринге арналған кітап көрмесін дайындап, библиографиялық шолу жасады. №31 қазақ орта мектебінің және М. Дулатов атындағы №63 жалпы білім беретін орта мектеп-лицейінің оқу-

бөлеттерге кездесті. Өтірік арыз, «Жап-тым жала, жақтым күйенің» неше түріне жолықты. Бірақ ол күрестен қажыған жоқ. Әсіресе оның келешекке сенімі зор болды. Аңсаған армандарын өзі орындай алмаса да, болашақта жастар орындайды деп білді. «Елді қараңғыдан жарыққа шығаратын — жастар, тек қана жастар» деген қорытындыға келді.



Ыбырай қазақ жастарын оқуға үндеумен қатар, адамгершілікке, махаббат-достыққа, еңбекке, жігерлілікке, халқын сүйуге, «Адам» деген ардақты есімді ақтай алатын кісі болып шығуға үндеді, және жастарға бала кезінен бастап дұрыс тәрбие бергенде ғана бұл міндеттерді іске асыруға болатынын жақсы ұғынды.

Әдеби кешімізде Ы. Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы туралы бейнеролик көрсетілді. Кітап-

шылары келіп, Ы. Алтынсариннің өлеңдерін оқып, әңгімелерінен көрініс қойды. Ы. Алтынсаринге арнап оқушылар өз арнауларын оқыды. Міне, осындай тәрбиелік мәні бар шарамыз арқылы оқушыларды әр істі ойланып ақылмен жасауға, үлкенге құрметпен қарап, кішіге қамқор болуға, ата-анасын сыйлап құрмет тұтуға, еңбекқор болуға шақырамыз.

Ж. САМАРБАЕВА,
М. Ломоносов атындағы қалалық
орталық кітапхана меңгерушісі.
Ақтөбе қаласы.

Балалар және жасөспірімдер кітап оқуын қолдау жылын қорытындылау кеші



**Гүлмира
Ермекқызы
ГАЙСИНА,**
Бөкей ордасы
аудандық балалар
кітапханасының
менгерушісі.
Батыс
Қазақстан
облысы.

Мақсаты: Өскелең ұрпақты кітапқа баулу. Тарихқа саяхаттау.

Көрнекіліктері: аяқ іздері, кітаптың сырты жапсырылған конверт ішіне тапсырмалар салынуы керек, күнделік, алтын адам, домбыра, жылан ханшайым, жылан патша. Сандықша, Томирис патшайымның суреті, Найза, Дуылға, семсер суреттері. Күлтегін жазбаларының суреттері. Ою.

Квест ойыны. Алтын тостағанды іздеу.

Наурзбаева З., Калаус Л. Алтын тостағанды іздеу: Бату мен оның достарының бастан кешкендері. — Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2018. - 236 бет.

Шығармада Бату атты бала мен оның достарының басынан кешкен

оқиғалары негізінде, ертегі-аңыз кейіпкерлері мен тарихи деректер тәуелсіздік кезеңінің бүгінгі шындығымен байланыстырыла суреттелген. Шым-шытырық оқиғалар жанрында жазылған хикаят жас жеткіншек оқырмандарды қызықтырып, қиялына қанат бітіретін тартымдылығымен баурайды.

Өту барысы:

- Балалар, сәлеметсіңдер ме?
- Балалар, сендер қиял-ғажайып әңгімелерді жақсы көресіңдер ме?
- Олай болса, балалар, Алтын тостағанды іздеу шығармасы қиялдарыңа қанат бітіретіндей шығарма деп айта аламын. Бірге квест ойынын ойнайық.

Олай болса, шарттарын мұқият тыңдап, бірлесіп орындайық. Бәріміз бүгін алтын тостағанды іздейміз. Алдымыздан талай жұмбақтар шешеміз. Жұмбақтарды шешкен сайын қазақстан тарихынан сыр шертеміз. Алтын тостағанды табуға жақындай түсеміз.

1-тапсырма:

Оқу — білім азығы,



Қоймасының аз қабы.
Бөлмесі де бірнешеу.
Тиегі бар ашпалы (оқушы сөмкесі).

Бар киімі, қаруы,
Алдындағы ыдысы.
Тауып алды сүйекті,
Жер қазғанда бір кісі.
Патша ма әлде кім білсін,
Заманында киінген.
Ұлылардың ұлысы (Алтын адам)
Алтын адам қайда тұрады? (Күнделікте)

- Ал қане, балалар, күнделікті іздейміз, ондағы тапсырманы оқимыз.

2-тапсырма:

Ұзын мойын, екі ішек,
Қатар-қатар тұрған тиекпен.
Басып көрсең бір-бірлеп,
Үн шығады күмбірлеп (домбыра).
Бату күнделікке қарап отырды,
сонда күнделіктегі Алтын адам шығып екеуі танысты, дос болды. Ол Бату мен Аспара (Күнделіктегі алтын адам) деп танысты. Аспара: Не істеуіміз керек? — деді Батуға. — Иә, алтын тостағанды табуымыз керек, — деді. Алтын тостағанды табу үшін не істеу керек? - Басқа әлемге ену үшін не істеу керек? Домбыраның үні керек. Олай болса, домбыраны табайық.

3-тапсырма: Жұмбақ

Ұзын, бірақ жіп емес,
Зұлымдық, бірақ сыйқыршы емес,
Қара, бірақ қарға емес. (Жылан)

4-тапсырма: Бату қатты сескене-ді. Тағы да үңгір... Бату жыландар патшасының ордасына барар жолда сынақтан өтіп, жан шошырлық ғұрыпқа қатысады. Алтын тостаған ба? Жылан Бапы ханның сыйы. Дана үйіне келді.

Жыланның патшалығына бірге барайық? Бопы хан, сол патшалықты іздейік, тапсырмасын алып келеміз.

(Тақта отырған жылан патша)

Сандықшадан тапсырма:

Жыландар патшасы Батуға қандай ескі қарулар береді? (Найза, дуылға, семсер)

«Ер қаруы — бес қару» деп шайқаста ғана қолданылатын. Бұл қаруларды қазақ халқы XVII-XIX ғасырлардың аяғына дейін пайдаланып келді.

5-тапсырма: Аспараның анасы кім, балалар? Оны тарихта біз кім деп атаймыз? (Тұмар ханша, Томирис)

Іздейміз Томирис, Тұмар ханшайымыз қайда жасырынған? Иә. Ол кітапта, тарих беттерінде жасырылған, балалар. Тұмар патшайымның сіздерге қандай тапсырмасы бар екен?

Өн бойымда тулап ТҮРКІ от қаным,

Қолға ұстасам ұлы дала кітабын.

Сағымдардан желкен құрып өрлікпен,

Ғасырлардың тік көтеріп ақ таңын.

Көз алдыма елестейді Тұ-
мар қыз,

Алға тартып желден жүй-
рік тұлпарын,

Сілкіп тастап заманалдар
қатпарын,

....Қайталанбас Масса-
Геттер патшасы.

Қорғай білген ерлікпе-
не Отанын.

Қандай сөз жасырылған?
(Күлтегін)

- Әкесінен жастай же-
тім қалып, ағасы Қапаған
қағанның тәрбиесінде өс-
кен Күлтегін тым есейіп,
қабырғасы қатып, бұғана-
сы бекімей жатып, жау жа-
ғасын асынып, түркі еліне
тұс-тұстан төнген басқын-
шы жауға қарсы үлкендер
қатарында тұрып, ерлік-
пен күреседі. Күлтегін ба-
тырдың ерлік істерін тасқа
жазып қалдырған.

6-тапсырма: Бұл ою, ба-
лалар, шығармада текеметтегі оюды
карта, алтын тостағанға апарар жол
деп тұжырымдайды. Ортасы жер



кіндігі. Бұнда Бәйтерек орналас-
қан... Әрі қарай өздеріңе тапсырма,
бұл картаға нелерді, қандай ежелгі
қалаларды орналастырар едіңдер.

- Балалар, шығармада Мыстан
кемпірді, үлкен әб жыландарды,
кездескен жауларды не жеңеді?
Достық жеңеді. Достарың көп бол-
сын. Достықтарың мәңгі болсын.
Енді, балалар, өздерің сияқты, бі-
лімді, ақылдылардың мультсериал
кейіпкерімен билейміз.

Бала тәрбиесі – басты назарда!

«Берекелі шаңырақ» Меркі аудандық ата-аналар қоғамдық кеңесінің ұйымдастыруымен осындай тақырыпта ток-шоу болып өтті. Ток-шоу мақсаты – рухани құндылықтарды дамыту арқылы саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Ол – Жас шыбық! Алайда, үлкеннің ақылын тыңдамай, өз бетімен өсіп келе жатқан ұрпақтар қаншама? Оларға ата-ана қандай тәрбие беріп отыр? Бүгінгі ұлттың болмысы қандай? Меркі аудандық білім бөлімінің «Берекелі шаңырақ» ата-



Қазақ халқы Ұлын намысты қыраным, ұлтымның ұяты деп тәрбиелеген, қызын үкінің баласындай ерекше мәпелеп, бетінен қақпай өсірген, қонақ санап төріне шығарған. Баланды тәрбиелеп әуре болма, ол бәрібір өзіңе ұқсайды. Бұл сөзде үлкен мән-мағына бар. Біз баламыздың бір сәтте шыншыл, тіл алғыш болғанын қалаймыз. Бала – робот емес. Ол – адам. Ол – Тұлға.

аналар қоғамдық кеңесінің кезекті үлкен іс-шарасы, «Тәлім – тренд» бағдарламасы, осы сұрақтар төңірегінде ой өрбітті. Адамға мінез үш түрлі адамнан жұғады. Ата-анасынан, ұстазынан, досынан. Солардың ішінде қайсысын сүйсе, содан мол алады екен. Ток-шоуға шақырылған қонақтар, әр халықтың бала тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктері бар екенін, ата-бабамыз ұл

баланы ертеңгі әке, қадірлі отағасы, елді қорғайтын ер, батыр, ұлттың намысты азаматы ретінде, әділдікке, қайсарлыққа, батылдыққа тәрбиелегені туралы кеңінен әңгімеледі. Ұл дегеніміз — жүректілік пен батылдың символы десек, қазіргі таңда ұл тәрбиесіне қатысты баршамыздың көңілімізде аландаушылық бар екені рас. Ертедегі Зере, Айғаным секілді әжелеріміз, ешқандай жоғары білім алмай-



-ақ, неше түрлі тренингтерге қатыспай-ақ Абай және басқа да ұлы тұлғаларды тәрбиелеген. Ток-шоуда осы мәселе төңірегінде қызықты әңгіме өрбілді. Соңғы жылдары ғалымдар қытай жазбаларынан қазақ жазбаларында айтылатын «Ару» деген ұғымның, XV ғасырда қызға құрметпен, сыйластықтың белгісі екенін көрген. 21-ғасырдағы қазақ аруы кімдер? Оларды қалай тәрбиелеп отырмыз? Адамның «қиялына» бағынған заман қанша өзгерсе де, жаңалана берсе де, «Иманды қыз, асыл жар, аяулы ана» атпен қала бермек. Ток-шоуда әсем ән де әуеледі. «Перзент парызы» әнін Атым-

таева Аңсаған, «Еркекпін мен» әнін Құрманқұл Қуаныш пен Мейіржанұлы Рауан, «Ана мен бала» әнін Далдаева Лаура мен ұлы Мумин орындап, қатысушылар қошеметіне бөленді. «Бала берсең, сана бер» демекші, сіз адал болсаңыз, балаңыз адал болады. Сіз өтірік айтпаңыз, балаңыз шыншыл болады. Сіз ашуданбаңыз, балаңыз сыпайы болады!

Ә. БОРАНҚҰЛОВА,
«Берекелі шаңырақ» ата-аналар
қоғамдық кеңесінің төрайымы.
Меркі ауданы,
Жамбыл облысы.

Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз

Сан ғасырлар бойы келе жатқан халқымыздың арманы, үкілі тілегі — қазақ боп қалыптасқан, тарих ізімен ерекшеліп, осынау уақыт аралығында ұлттық мақсаты айқындалған, қадір-қасиетімен астасқан ұраны бар тәуелсіз ел атану еді. Асылымызды жасырып, бас көтерер батырларымызды жан-

жеткен тәуелсіздігін алғанына да биыл 30 жыл толды.

Тәуелсіздік күні қарсаңында Тасарық ауылындағы №238 орта мектепте педагог-ұйымдастырушы Бахыт Акмурзаеваның ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз» атты кездесу кеші өткізілді. Жас ұр-



шып, жігерімізді құм еткені жасырын емес. Өзінікін өзімдікі дей алмағаннан артық қорлық бар ма?! Елдің рухына жаны ашитын біртуар перзенттеріміз қудаланып, нағыз «ұлт қаймақтарын» жоғалтып алдық. Ақыры кешегі «Желтоқсанның мұзға жаққан алауының» қызуы елдің үмітін жағып, Тәңір қолдап, қазақ халқы өз тәуелсіздігін еншіледі. Кейде «әттеген-ай» дейтініміз де бар. Желтоқсан оқиғасына қатысқан аға-апаларымыздың арқасында қол

пақ тағылым алар шараға «Желтоқсан көтерілісінің» куәгері Машай Абай ағай шақырылып, оқушылардың сұрақтарына жауап беріп, сүбелі сұхбат берді. Шараны мектеп директорының міндетін уақытша атқарушы Әлия Кеулімжай ашып, қонақтарды және оқушыларды Тәуелсіздік мерекесімен құттықтады. Ол өз сөзінде тәуелсіздіктің құндылықтары туралы айта келіп, тәуелсіздік жолындағы күрестің жалғасы ретінде мектеп шәкірттерін

білімнің биік тұғырынан көрінуге шақырды.

«Желтоқсан көтерілісінің» куәгері Машай Абай ағай туралы айта кетсек, ол 1968 жылы 10 маусымда Бозкөл ауылдық кеңесінде дүниеге келген. 1974-1984 жылдары Кәукей ауылындағы №225 орта мектепте оқыған. 1984 жылы мектепті бітірген соң совхоздың құрылыс саласында жұмыс жасаған. 1985-1986 жылдары Алматы қаласындағы «Көктем» шипажайында плотник болып тұрған, жұмыспен қатар жоғарғы оқу орнына даярланып, 1986 жылы Алматы энергетика институтына оқуға түскен. Осы жылдың желтоқсан айында Алматыда болған көтеріліске қатысып, оқудан шығарылған. 1987-1989 жылдары Отан алдындағы борышын Ауғанстан шекарасында шекарашы болып қызмет атқарған. 1990 жылы Қызылорда қаласындағы №1 училищені қызыл дипломмен бі-

тіріп, Орынбордың Бузулук қаласындағы педагогикалық техникумға жолдама алған. 1991-1994 жылдары осы оқу орнының сызу және еңбек пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп диплом алған. 1991 жылдан бері №225 орта мектепте мұғалім болып қызмет жасап келеді. Мектептегі кәсіподақ ұйымының төрағасы. 2004 жылы Ақтөбе қаласындағы Қ. Жұбанов атындағы Мемлекеттік университетін кәсіпкерлік және технология пәнінің мұғалімі бойынша өндірістен қол үзбей жүріп оқып бітірген. Отбасылы, жары Бермаханова Шара Байсалбайқызы, бір ұл, бір қыз тәрбиелеп отырған үлгілі отбасылардың бірі.

Кездесу кешіне 8-11 сынып оқушылары мен тәуелсіздік құрдастары Жарболов Азамат, Үргенішбаева Перизат, Таштитова Гулзат, Исатаева Бақжан шақырылып, олар да өздерінің жүрекжарды тілектерін айтып, Тәуелсіздік-





тің құрдастары екенін мақтаныш ететіндерін жеткізді.

Кездесу соңында мектеп директорының міндетін уақытша атқарушы Ә. Кеулімжай және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. Кәрібай

Желтоқсан оқиғасының куәгері Машай Абайға алғыс айтып, естелік сыйлық табыстады.

Біздің міндетіміз — айқын, алға қойған бағытымыз — дұрыс. Ендеше, тәуелсіздігіміз баянды, тұтастығымыз берік, елдігіміз мәңгі болсын!

Бахыт АҚМУРЗАЕВА,
№238 орта мектептің
педагог-ұйымдастырушысы.
Тасарық ауылы,
Қазалы ауданы,
Қызылорда облысы.

«Үміттен» – «Абайға» дейін

(20 жыл өткен соң...)



Дәрия ЖҰБАТОВА,
Облыстық дарынды балаларға арналған Абай атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернатының аға тәлімгері.

Подstepное ауылы,
Теректі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Теректі ауданының көрікті ауылы — Подstepныйда орналасқан іргелі гимназияның ұжымы үшін биылғы оқу жылы ерекше. Екі бірдей атаулы дата, екі бірдей елеулі оқиға Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен тұспа-тұс келіп тұр.

Біріншісі — алғашында «Үміт» лингвистикалық гимназиясы болып құрылған оқу орны 20 жасқа толды.

Екіншісі — «Үміт» гимназиясына енді «Абай» атындағы арнайы мамандандырылған мектеп-интернаты деген атау беріліп, облыстық статуска ие болды.

Пандемия жағдайы қол байлап, атап өтуге мүмкіндік бермесе де, жаңа оқу жылының басында 20 жыл ішінде қол жеткізген ұшан-теңіз табыстар туралы әңгімелеп бергім келіп отыр.

2001 жылдың 1 қыркүйегінде Тәуелсіздігіміздің 10 жылдық мерейтойына «Үміт» гимназиясы ашылған болатын. Осы бір ерекше мектептің ашылуына тікелей ықпал етіп, өз ұсынысымен дүниеге келтірген, облыстың сол кездегі әкімі, қазақтың біртуар азаматы Қырымбек Елеуұлы Көшербаев ақ тілегін



жаудырып тұрып, тұсауын өз қолымен кесіп, жол бастап берген. Қолы, әрине, жеңіл болды. Гимназияның әр оқу жылы жетістікке толы болған даңқты шежіресін түгел айтар болсақ, ұзаққа кетеді.

Дегенмен, қысқаша шолғанда, 2002-2015 оқу жылдары аралығында гимназияны 300 түлек бітіріп, түгелге жуық грант иегері болды. 94 оқушы «Алтын белгі», 51 оқушы «Үздік аттестат» иеленді. 2015-2016 жылы бітірген 29 жас түлектердің бәрі 100 пайыз грант иегері атанды. Гимназия келген қонақтарды, шәкірттер мен ата-аналарды ҰБТ бойынша ең жоғарғы балл жинап, мектебіміздің атын көкке өрлеткен, «Алтын белгілері» жарқыраған білімдар түлектердің бақытты суреттерімен қарсы алады. Олар күн сайын кейінгіге мотивация беріп, биіктерге қол бұлғап шақырып тұр. Алыс ауылдар-

дан келіп, армандарына жеткен балаларымыздың алды бүгінде өмірден өз орындарын тауып, әр түрлі салаларда қызмет етуде. Дәрігер, ұстаз, мұнай-кен өндіру ісінің мамандары, банкир, экономист, химик, аудармашы (оның ішінде ағылшын, қытай, араб, жапон т.б. тілдер бар), экология, санитарлық-эпидемиологиялық медицина, архитектор, музей ісінің маманы, т.б. мамандық иелерінің жолын ашып беру мектептің де, ұстаздың да бақыты емес пе?!

Бүгінде студент түлектеріміз де солардың жолын қуып, «дүниенің кетігіне бір кірпіш болып қаланады» күні ертең, амандық болса!

ҰБТ-да оза шапқан дара жүйріктерді атасам,

2018-2019 оқу жылында Сайын Асқар 137 балл,

2020-2021 оқу жылында бітірген 34





түлек ішінде Кабдулханова Гүлдария 129, Сандибек Дана – 128, Мендибаева Лилия – 129, Қайралиев Абылайхан – 129, Аманова Камила – 126, Днишева Гүлдана – 126, Тасеменова Дильназ 124 балл жинап, алған білімдерінің жоғары сапасын дәлелдеп шықты.

2021 жылғы түлектеріміз де алға қойған мақсаттарына қол жеткізіп, түгелдей студент атанды.

Жеңіске жету оңай емес, сол жеңісті, жетістікті дәрежесінен түсірмей ұстап тұру одан да қиын.

Менің де, осынау казақи тәрбиенің иісі аңқыған гимназияда еңбек еткеніме 9 жыл болды. Уақыт неткен жүйрік! 2016 жылы Теректі ауданының мәдениет үйінде «Үміт» лингвистикалық гимназиясының 15 жылдық мерекесі тойланды. Әр жылдардағы түлектер шартараптан жиналып, естеліктерге толы, пейілі Көкке шалқыған тамаша кеш жасап берді.

Биыл 20 жыл...

Білім күні гимназия директоры, Кереева Нұрбөбек Есполовна құттықтау

сөз сөйлеп, оқушыларға да, оқытушыларға да сәттілік тіледі. 7-сыныпқа жаңадан қабылдаған оқушылар ант тапсырып, қоңырау үнімен, қуаныш пен үмітке толы көңіл-күйде гимназия табалдырығын аттады. Мектеп — болашақтың бесігі, қасиетті мекен.

Жақсылық пен жанашырықтың, тап-таза бала көңілдің шуағы дарыған шаңырақ, әр шәкірттің ертеңіне жол сілтейтін адал бағдаршы. Ал сол ұрпаққа білімнің кенін қазып, нәрін беретін қасиетті адам — әрине ұстаз!

Осындай ерекше мектептің негізін қалап, шуақты шаңыраққа айналуын жүзеге асырған адам — «Үміттің» алғашқы жетекшісі, камқоршысы, әлі де көмегін беріп, ақыл-кеңесін айтуға әр кез әзір жүретін қадірлі апамыз Дариға Ғазезқызы Мұштанова екенін мен айтпай-ақ елдің бәрі біледі. Ол кісі басқарған жылдары «Үміттің» даңқы республикада айрықша дүрілдеп тұрғаны тарихта да, шәкірттер мен ата-аналардың жүрегінде де жазылып қалды. Білім сапасы, ҰБТ нәтижесі бойынша

облыста да, республикада да ылғи жоғарғы деңгейден табылып, жыл сайын елді өзіне жалт қаратқан гимназия аз жылда өзіндік қолтаңбасын айқындап алды. Ол қолтаңбаны, яғни, брендті қалыптастыру айтуға ғана оңай, ал оның ар жағында қаншама еңбек, төгілген тер, қажымас жігер жатыр.

Гимназиямыздың аңыз ұстаздары, бүгінде құрметті демалыста болса да біз үшін тақымдарын қысып, тілекші болып отыратын аға, апа әріптестеріміз, білім саласының майталмандары Кеңес Манашұлы Ақмоншақов, Нағима Ибрагимқызы Саматова, Жұпар Әлжанқызы Неғметова, Галина Құспанқызы Айбергеновалардың сіңірген еңбектері өлшеусіз. Мың алғыс Сіздерге! Биыл гимназия республикалық «Үздік мектептер» байқауына қатысып, 34 миллион теңге жүлдесін жеңіп алды! Бұл, әрине, бір жылдың жемісі

емес, 20 жылдық ұжымдық еңбектің нәтижесі.

«Жүйрікке орудан да — қалу қиын» дегендей, бүгінде Абай гимназиясы «Үміттің» тіккен туын сол биіктен түсірмей, шәкірттің бағын ашуға, ата-аналардың сенімін ақтауға бар күш-жігерін аямай еңбек ететіні кәміл.

Халық педагогикасын негізге алып, жас ұрпақты қазақы тәлім-тәрбиенің уызына жарытып өсіргеннің нәтижесі жоғары болатынын анық дәлелдеп берген бай тәжірибе, үлгі-өнеге қоры бар мұнда. «Тәрбие, тәрбие тағы да тәрбие, содан соң — білім» деген бағытты берік ұстанып, алда да табыстардан-табыстарға жете берейік, құрметті әріптестер!

«Үміттің» абыройлы жолын «Абай гимназиясының» әрі қарай жалғастыратынына сенімім кәміл.

Тыйым сөздер - тәрбие көзі

Мақсаты: тыйым сөздердің өмірдегі тәрбиелік мәні туралы айта отырып, тыйымдар мен ырымдардың түрлерімен таныстыру, жаманнан жиреніп, жақсыны үйренуге баулу.

Әдіс-тәсілдері: тыйым сөздер, сұрақ-жауап, әндер айту, би билеу, көрініс, салт-дәстүр көрсету.

Көрнекіліктер: слайдтар, ұлттық бұйымдар: бесік, сандық, жастық, көрпеше, қоржын, пышақ, кітапшалар, музыкалық аппарат.

Жүрісі: сахна ұлттық бұйымдармен

өшекейленеді, қазақтың киізі жерге төселіп, оқушылар дөңгелене отырады. Сандық, жастық, бесік, көрпешелер, қоржын, қамшы сияқты ұлттық бұйымдар ілінеді.

Кіріспе сөз: Ұрпақ — ғұмыр жалғасы, тіршілік көзі. Қай халық болсын үмітін ең алдымен ұрпағынан күтеді. Жанған отын сөндірмей, түтінін түтететін артына ұрпақ қалдыруды көздейді. «Бала — өмірдің жалғасы, көз қуанышы шаңырақ иесі» деп ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлген. Бала дүние-

ге келгеннен соң әр түрлі ырым-тыйымдар арқылы тәрбиеге шақырады. Сондықтан да тыйым сөздер тәрбие көзі болып табылады. Жас сәбидің дүниеге келген күнінен бастап қазақтың ырым-тыйымдары жасалады. Қазақы тыйымдар мен ырымдар: Нанға қатысты, жол жүруге, бесікке, сүт тағамдарына, пышаққа, ыдысқа, киімге, тамаққа қатысты.

Жас сәбидің қалы, мені үлкейіп кетпесін деп «Қалдыгүл», «Меңдігүл», «Анаргүл» деп ат қояды. Сәби өз үйіне «Ассалаумағалейкум» деп кірсе, ол үйге қонақ келеді.

Сәби қолындағы затты шашу деп шашса, ол үйде той болады дегенді білдіреді. Ал енді бесікке қатысты тыйымдарға кезек берейік:

1-оқушы: Бесікті сатуға, келген адамға беруге, аяқ астына тастауға болмайды. Қазақ халқында бесік ұрпақ жалғастыратын қасиетті бұйым саналады. Үйге келген адам бос бесікті тербетуге болмайтынын, өзінің ұрпақсыз қалғанын үндемей-ақ білдірген.

2-оқушы: Бесікті ашық қалдырмайды. Анда-санда аластатып, жын-шайтаннан қорғайды.

Жүргізуші: «Тәрбие көзі тал бесіктен» демекші барлық тәрбие осы бесіктен басталады екен. Ендеше бесікке салу көрінісіне назар аударайық.

Көрініс: «Бесікке салу».

1. Бесікті аластау.

Алас, алас, пәледен алас,

Көзі жаманның көзінен алас!

Тілі жаманның тілінен алас!

2. Тыштырма жасау.

3. Бисмилләһи рахмани — раһим — деп бесікке бөлеу.

4. «Бесік жыры» әні орындалады.

Жүргізуші: Қазақта жолға шығудың өзі де үлкен сын. Сәрсенбі күні жолға шыққан адамның жолы болады. Сейсенбі күні жолға шықпайды.

3-оқушы: Жолда кездескен адамнан «Қайда барасың?» деп сұрамайды, «Жол оң болсын» деу керек. Жүкпен жолға шыққанда үйден тұз алмайды.

4-оқушы: Жол жүретін адам «Алла жазса», «Алла жол берсе», «Құдай қаласа», «Барар жердің дәмі тартса», «Алла ондаса» деп тілек тілегенде жол бойындағы кедергілердің бәрі аластатылады.

5-оқушы: Жұма күні көшуге болмайды. Ол күн қасиетті күн. Бұл күні ата-баба аруақтары шаңыраққа келіп дұға дәметеді.

«Жолың болсын, жолаушы» әні орындалады. (Екі оқушының орындауында).

Жүргізуші: Пышақ — суық қару, сондықтан тыйымдарды ескере кеткен жөн.

6-оқушы: Пышақ қауіпті зат болғандықтан, онымен ойнауға, жүзін жаулауға, адамға кезенуге болмайды. Сол себепті де оны сыйға бермейді және сұрап, қалап алмайды.

7-оқушы: Бір нәрседен шошынғанда пышақты жастықтың астына қойып ұйықтайды. Жақын адамнан пышақ не ине алмайды. Аралары суып кетеді.

Вальс: «Достар». (Төрт оқушының орындауында, киімімен).

Күнделікті өмірде тыйымдардың маңызы зор екенін көре отырып, қарапайым киімге қатысты тыйымдар да бар екен.

8-оқушы: Киім жағасын басу жаман

ырым саналады. Жастық орнына шалбар жастанбайды.

Киімді оң қолдан бастап киіп, сол қолдан бастап шешеді. Оң қолдан бастап киім кию жақсы ырым.

9-оқушы: Бас киімді тебуге, лақтыруға, теріс киюге болмайды. Жақсылықтың бәрі адамның маңдайына жазылады. Сондықтан бас киімнің орны ерекше. Бас киімді әрқашан босағаға емес, төрге ілу керек.

10-оқушы: Аяқ киімді төңкеріп қоюға, теріс қоюға болмайды. Өйтсе, адамның жолы болмайды. Бөтен адамға бас киім бермейді және айырбастамайды.

Жүргізуші: Қазақ халқы «Ас атасы – нан», деп бекер айтпаған. Нанды қадірлей, қастерлей отырып қандай тыйымдарды білеміз.

11-оқушы: Нанды шашуға, жерге тастау, басуға, рәсуа етуге болмайды. Нан дәм басы, онсыз өмір жоқ. Сондықтан да дастарханға алдымен нан қойылады. Жерде жатқан нан болса алып қоямыз.

12-оқушы: Таңертең нан ауыз тимей үйден шығуға болмайды. «Асығыспын, нан ауыз тиейін», «Ең болмаса, нан ауыз ти» деген сөздер бекер айтылмаған.

13-оқушы: Нанды төңкеріп қоюға болмайды. Нан қасиетті дәм. Онымен ойнауға болмайды. Нанды бір қолмен сындыруға болмайды. Кемтар адам ғана нанды бір қолмен сындырады.

Жүргізуші: «Ақты төкпе, жердегі ақты баспа!» деп айтады қазақта, соған байланысты қандай тыйымдар бар екенін көрелік.

14-оқушы: Жерге төгілген ақты ба-

суға болмайды. Сүт төгілген жерге тұз себеді.

Сүтті үрлеп ішпейді, майлылығы азаяды. Сүттен жасалған тағамдарды жерге түкіріп тастауға болмайды. Сүтті түкіру үлкен күнә болып саналады.

15-оқушы: Сүт сауатын шелекті су басына апармайды, құты кетіп қалады.

Жүргізуші: Қазақ халқы «Ас ішкен аяғынды теппе» деген екен, сол сияқты ыдыс-аяққа қатысты да тыйымдар бар.

16-оқушы: Ыдыста ашық қалған тағамды жаратуға болмайды. Халық ұғымында ашық қалған тағамды жыншайтан жалап кетеді деп санайды.

17-оқушы: Ыдыстың беті ашық қалса, улы жәндіктер түсіп кетіп, суды немесе тағамды бүлдіреді.

Қазанды төңкеріп қоюға болмайды, ырыс-несібе кетеді.

Жүргізуші: Оқушылар міне, осындай қазақ халқының ата-бабадан келе жатқан ырым-тыйымдарын ескере отырып, өмірге деген жақсы, тәрбиелі адамзат болып өсуіміз керек.

Ақ баталар тілегі (Оқушы айтады)

Астарың көп болсын!

Тамақтарың тоқ болсын!

Уайымдарың жоқ болсын!

Бәрімізге дарысын Қыдыр ата,

Қыдыр қияласын,

Періште ұяласын,

Осы отырған бәрімізге

Бармақтай бақ берсін!

Әумин!

Гүлшатай ИСАНБАЕВА,
Үстірт орта мектебінің бастауыш
сынып мұғалімі.
Бейнеу ауданы,
Маңғыстау облысы.

Сөз мерген



Гүлфайрус ЖҰБАН,
Ғ. Абдуллин
атындағы орта
жалпы білім беретін
мектеп мұғалімі.
Тау ауылы,
Жәнібек ауданы.
Батыс Қазақстан
облысы.

Мақсаты: оқушылардың қасиетті ана тілімізге деген сүйіспеншіліктерін арттыру, ана тіліміздің қадір-қасиетін біліп, сөз құдіретін түсінуге баулу. Ойлау қабілетін, тіл байлығын дамыту. Тіліміздің мәртебесін арттыруға, ат салысуға шақыру. Тапсырмалар слайд арқылы беріледі.

Жүргізуші: Құрметті ұстаздар, еліміздің ертеңі жас ұландар және сайысқа қатысушы сайыскерлер! Тілдер мерекесі құтты болсын! «Түрлі-түрлі» байлық бар. Солардың тандауын берсе мен тіл байлығын тандар едім. Өйткені тіл — байлығы бәрінен де сенімді байлық», - деп Ғабит Мүсірепов ағамыз айтқандай, біздің ана-тіліміз — байлығымыз, қазынамыз. Сол байлығымызды сақтау, кейінгі ұрпаққа қалдыру, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу біздің борышымыз. Атадан балаға мирас болған қасиетті ана тілімізді қастерлей білейік. Сайысқа қатысушы сайыскерлерімізді ортаға шақырамыз.

Перизат жақсы оқиды,

Білім нәрін тоқиды.

Сөзге — мерген, ісі — нық,

Алар деймін көп сыйды, - деп ортамызға қошеметпен Перизатты шақырамыз.

Зухраның кең жүрегі,

Ізденумен ылғи жүреді.

Зерделі де білімпаз,

Көп мақалды біледі, - деп Ұлмекенді шақырамыз. Қошеметеріңізді аямаңыздар.

(Әділқазылар алқасымен таныс болыңыздар)

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Мақашева Жазира Жолдықызы.

Мектебіміздің психологы: Жапарова Баян.

Сайыскерлерімізге сәттілік тілей отырып, сайысымызды бастаймыз.

Сайысымыз 4 белестен тұрады:

1-белес: Мықты болсаң, тауып көр. (Тұрақты тіректердің мағынасын табу)

2-белес: Жүйрік болсаң озып көр. (Мақал-мәтелдер құрастыру)

3-белес: Ойлы болсаң, озып көр. (Көне сөздердің мағынасын ашу)

4-белес: Алтын жамбы: (Белгілі бір шығармадан алынған үзіндінің кімдікі және қай шығармадан алынғандығын анықтау). Сайыс шарты бойынша 1,2 турлардан соң ұпай саны аз сайыскерлерімізбен қоштасамыз.

Жүргізуші: Сайысымыздың шарттары түсінікті болса, сайысымызды бастаймыз. Бірінші белес «Мықты болсаң, тауып көр» деп аталады.

1-тапсырма:

Сақал	сипау (Сақал сипап қалу — алдану)
Шаш	
Бас	
Бет	

2-тапсырма:

Биік	жіп (Қысқа жіп күрмеуге келмейді — кедейлік)
Ұзын	
Қысқа	
Аласа	

3-тапсырма:

Көмей	бал (Көмекей- нен бал тамған — әнді құйқылжыта айту)
Тіс	
Ауыз	
Құлақ	

(Сайыс тапсырмалары осылай жалғаса береді)

Ұпай саны аз сайыскеріміз Ұлменмен қоштасамыз. Қошеметпен ортаға шақырайық.

- «Сөз мергені» қоржынына әкелген сөзіңіз қандай?

- «Абыз» сөзі. Абыз — білгір, көреген адам.

- Рахмет, енді екінші белесіміз «Жүйрік болсаң, озып көр» деп аталады.

1-тапсырма:

Ақылдылық	Бақыт (Татулық — табыс бақыт)
Татулық	
Тапқырлық	
Өжеттілік	

2-тапсырма:

Үй	Теңіз (Мектеп — кеме, білім — теңіз)
Мектеп	
Дала	
Дүкен	

3-тапсырма:

Ақылдасу	Тон (Кеңесіп пішкен тон, келте болмас)
Кеңесу	
Сыйласу	
Сөйлесу	

(Тапсырмалар жалғаса береді)

Ұпай саны аз сайыскеріміз Перизатты ортаға шақырамыз

- Перизат, «Сөз мергенінің» қоржынына қандай сөз алып келдің?

- Мен «Сөз мергені» қоржынына

«Қағұт» сөзін алып келдім. Қағұттарыдан жасалған тағам түрі.

- Сайысымызға қатысқаныңа рахмет.

1-сөз:**Көгілдір**

Мал шаруашылығына байланысты атау;

Жануарларға байланысты атау;

Тағамға байланысты атау;

Ұлттық ойындарға байланысты атау.

(Көгілдір — аққудың баласы).

2-сөз:**Шақа**

Киім-кешекке байланысты атау;

Ыдыс атауы;

Салт-дәстүрге байланысты атау;

Адамға байланысты атау.

3-сөз:

Күлдіреуіш;

Үй-жайға байланысты атау;

Қолөнер бұйымдарына байланысты атау;

Өсімдік атауы;

Ыдыс атауы.

(Күлдіреуіш — үш-үштен немесе төрт-төрттен айқастырып шаңырақ кепілдігіне бекітілген име ағаштар).

Төртінші белес «Алтын жамбы» деп аталады.

- Балам, әкем мұра қалдырмады деп қамықпа, қара жер аман болса, тым болмаса жер шұқырсындар, - үзінді қай шығармадан алынған және авторы кім?

- Асықпай ойлануға уақыт бар, қиындық болып жатса қосымша көмек бар. Экранға назар аударайық, нұсқалары:

1. Ғ. Мүсірепов «Ұлпан»;

2. Ә. Кекілбаев «Шыңырау»;

3. Т. Әбдіков «Қонақтар»;

4. С. Мұратбеков «Жусан иісі».

Бүгінгі сайымызда өз мәресіне жетті. Сайысымызға қатысып, өз білімдерін сынап, тапқырлықтарын, шешендіктерін көресткен сайыскерлерімізге алғысымызды білідіреміз. Зухраны ортаға шақырып, «Сөз мергені» дипломымен марапаттауға рұқсат етіңіздер. Мұхаммед пайғамба-

рымыз: «Жастық шақта алған білім — тасқа ойылған нақыш» деген екен. Сондықтан да биікке ұшар сұңқары, бәйгенің алдын бермес тұлпары, болашағын болжап, сенімді қолда ұстайтын, ізгілікке бастайтын сұлтаны — өзіңізсіздер!

Кім жылдам?



**Рада
Молдабекқызы
ЖАХАНОВА,
Оқушылар үйінің
үйірме жетекшісі.
Қармақшы ауданы,
Қызылорда
облысы.**

Мақсаты: оқушыларды бір ортақ мақсатқа жұмыла білуге, ұжымшылыққа баулып, қимыл-әрекетке жаттықтыру. Құрметті ұстаздар, оқушылар! Бүгін сіздер бірлестік мүшелерінің арасында өтетін «Кім жылдам?» спорттық сайысын тамашалауға жиналып отырсыздар! Сонымен сайысты бастауға рұқсат етіңіздер!

Қош келіпсіз, бүгінгі көрерменім, Қызықтайық топтардың өнерлерін. Сергітер деп ойлаймыз, бүгінгі кеш, Тамашалап отырсаңыз спорттық бөлімдерін.

Ендігі кезекте бұл сайыстың бағдарламасымен таныс болыңыздар!

1. Топтарды ортаға шақыру.

2. Әнұран.

3. Сайыс 2 бөлімнен тұрады.

I бөлім: «Жарысайық бәріміз». Бұл

бөлімде топтар топтасып сайысқа түседі.

II бөлім: «Кім ұқыпты, кім шапшаң?». Бұл бөлімде топтағы ойыншылар жеке сайысады.

4. Қорытынды. Жеңімпаздарды анықтау. Топтарды марапаттау.

Қазылар алқасымен таныс болайық.

Енді топтарды ортаға шақырамыз.

1. «Болашақ» бірлестігінен құралған «Балауса» тобы;

2. «Сәндік қолданбалы өнер» бірлестігінен құралған «Достық» тобы;

3. «Дарын» бірлестігінен құралған «Жасұлан» тобы;

4. «Өнер» бірлестігінен құралған «Тұлпар» тобы.

Сайысымыздың басталуы.

I бөлім: «Жарысайық бәріміз». Бұл бөлімде топтар топтасып сайысқа түседі.

1-ойын: «Допты шапшаң бер»

Әр топтың алдыңғы жағынан 6-8 м қашықтықтан шеңбер сызылады. Шеңберде топ басшысы допты ұстап тұрады. Жүргізушінің берген белгісі бойынша топ басшы өз жағының 1-ойыншысына лақтырады да, өзі

жүгіріп барып саптың соңына тұрады. 1-ойыншы қолына доп тиісімен шеңберге жүгіріп келіп, допты келесі ойыншыға лақтырады. Ойын осылайша ақырғы ойыншыға дейін жалғасады. Топ басшысы шеңберге қайта келгенде ойын аяқталады. Топ басшы шеңберге бұрын келген топ жеңіске жетеді.

2-ойын: «Допты домалатып, тез лақтыр»

Сөре сызығынан 5-7 м жерде параллель сызық сызылады. Белгі бойынша 1-ойыншылар допты сызыққа дейін домалатып тура сызыққа допты тигізіп, қолына алып 2-ойыншыға кеуде алдынан лақтырады да өзі саптың артына барып тұрады. Ойын осылай жалғасады. Топ басшы соңғы ойыншыдан допты алған мезгілде ойын аяқталады.

3-ойын: «Кім шапшаң?»

Ойыншылардың аяқтарына тұсау салынып, бірінің артына бірі лек түзеп, сапта тұрады. Белгі бойынша 1-ойыншы шапшаң жүріп, белгілі арақашықтықтан айналып 2-ойыншыға қолын тигізеді. Ойын осылай жалғасады.

4-ойын: «Картобынды егіп кел де, жинап ал»

Ойыншылардың алдында арасы 1 м қашықтыққа түзу бойынша сызылған 10 кішкене шеңбер және топ басшының қолында дорбада 10 картоп болады, белгі бойынша топбасшылар картопты шеңберге отырғызады да шапшаң жүгіріп барып дорбаны 2-ойыншыға береді. Ол картопты жинайды, 3-ойыншы егеді. Ойын осылай жалғасады. Топ басшы дорбаны соңғы ойыншыдан алған мезгілде ойын аяқталады.

II бөлім: «Кім ұқыпты, кім шап-

шаң?». Бұл бөлімде топтағы ойыншылар жеке сайысады.

1-тапсырма: «Секіргіш жіппен көзді байлап 25 рет секіру»

Әр топтан 1-ойыншы шығып, секіргіш жіппен көзді байлап, 25 рет секіреді. Егер ойыншы қателессе секіру тоқтатылады. 5 рет секірсе -1 ұпай, 10 рет секірсе - 2 ұпай, т.с.с. ұпай беріледі.

2-тапсырма: «Секіргішпен жұптасып 30 секунд секіру»

2-ойыншы жұптасып секіргіш жіппен 30 сек. секіруі керек. Алдыңғы ойыншы секіргіш жіпті айналдырады да, артқы ойыншы оның иығынан ұстауы керек. Ойыншылар 10 рет секірсе 1 ұпай, 20 рет секірсе 2 ұпай, т.с.с.

3-тапсырма: «Кім ұқыпты?»

Ортаға бутылка қойылады. Әр топтан 1 ойыншыдан шығып, бутылкаға саусағын салып 10 рет айналады да болған соң бутылканы топ басшыға тапсырады. Кім бірінші болып тапсырса 5 ұпай, 2-ге 4 ұпай, 3-ге 3 ұпай, т.с.с.

4-тапсырма: «Би байқауы»

Топтар алдын-ала дайындаған ырғақты би түрін көпшілік назарына ұсынады. Бишілер құрамы 4-ойыншыдан кем болмауы керек. Ең үздік деп танылған биге 5 ұпай, т.с.с. ұпай беріледі.

Сайысты қорытындылау.

Төрешілер алқасының шешімі бойынша 1, 2, 3 орындар анықталып, арнайы дипломдар тапсырылады. Сол сияқты төмендегі арнайы жүлделердің белгіленгені дұрыс.

1. «Ең үздік» топ басшы;
2. «Ең үздік» ойыншы;
3. «Ең жақсы спорт киімі».

Ы. Алтынсарин

«Бай баласы мен жарлы баласы»



**Қарлығаш Екпінқызы
КУРМАНОВА,
«Ақмола облысы
білім басқармасының
Зеренді ауданы
бойынша білім бөлімі
Кіші Түкті ауылының
негізгі орта мектебі»
КММ-нің қазақ тілі
мен әдебиеті пәні
мұғалімі.
Зеренді ауданы,
Ақмола облысы.**

Түрі: ойын-сабақ.

Мақсаты: Әңгіменің мазмұнын игереді, еңбектің пайдасын түсінеді, әңгімеден үлгі алады.

Ойынның шарты: Ойынға төрт оқушы қатысады. Ойыншыларды сұрақ қою арқылы табамыз. Қойылған сұрақтарға кім дұрыс және тез жауап берсе сол ойынға қатысады.

Ойын төрт кезеңнен тұрады. Әр кезеңдегі сұрақтарға дұрыс жауап берген оқушы бір саты алға жылжып отырады. Мәре сызығына кім бірінші жетсе, сол жеңімпаз болады.

Ойыншыларды тандау үшін қойылатын сұрақтар:

1. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі бес асыл іс және бес дұшпанды атандар;

2. Ертегілерді қандай топтарға бөлеміз?

3. Қандай ертегілерді білесіңдер?

4. Қазақ ауыз әдебиетінің түрлерін атандар.

Негізгі бөлім.

Төрт ойыншы ортаға шығып, бірінші жолға тұрады.

Бірінші жолдың сұрақтары:

Мен әңгімеден үзінді оқимын, сендер мұқият тындап, қойылған сұраққа жауап бересіңдер, бірінші қол көтерген бала жауап береді.

1. Асан деген бай баласы, Үсен деген жарлы баласы, екеуі құрдас екен. Бір күні ел көшкенде қыр астында ойнап жүріп, ескерілмей, екуі жұртта қалыпты. Бір мезгілде үйге баралық деп келсе, ауыл жоқ, құр жұрты жатыр...

Сұрақ: Балалардың әрі қарай іс-әрекеті?

Үзінді оқимын:

2. ...Үсен үндемейді, Асанды ертіп көшкен жұртқа келеді...

Сұрақ: Үсен жұрттан қандай заттарды алады?

Үзінді оқимын:

3. ...Біраз жер өткен соң сұрлеу екі айырылады. Мұны көріп Асан жылай бастайды:

- Енді қайсысына түсеміз, - деп Үсен қарап жүріп, біреуіне түседі...

Сұрақ: Үсен қай жолды тандайды?

4. Үзінді оқимын:

...Біраз жер жүрген соң Асан қарным ашты деп жылайды. Үсен үндемей келе жатса, екеуінің алдынан бір

үйрек ұшып, ұзамай қасына қонады...

Сұрақ: Үсен үйректі қалай ұстап алады?

Бірінші жолдың сұрақтары аяқталды. Дұрыс жауап бермеген немесе мүлде сұрақтарға жауап бермеген ойыншы сол жолда қалады, яғни ойыннан шығады. Ал барлығы дұрыс жауап берсе, келесі жолға көшеді.

Екінші жолдың сұрақтары:

Әңгімені әрі қарай оқимын:

1. ...Мұнан соң келе жатып, түс ауған уақытта екеуі бір өзен судың бойына жетеді. Су ішіп сусындарын қандырған соң Үсен:

- Енді бір тамақ пісіріп желік, - дейді.

Асан: От жоқ, қалай пісіріп жейміз? — дейді.

Сұрақ: Үсен тамақты қалай пісіреді?

2. Үзінді оқимын:

...Тамағы тойған соң көңілінен уайымы шығып, Асан су жағалап жүгіріп кетеді, бір мезгілде дауыстайды:

- Үсен, Үсен, мынау таяз жердегі балықтарды қарашы! — деп.

Сұрақ: Балалар балықты қалай аулайды?

3. Үзінді оқимын:

... Бір мезгілде Үсен күнге қарап:

- Еһ, күн кеш болып қалыпты ғой, жарықта бір өткел тауып алайық, - дейді.

Сұрақ: Балалар түнді қалай өткізді?

4. Үзінді оқимын:

...Күн сәскеге шейін жүріп отырып, сәскеде сүрлеу бір шоқаттау жерге түсіп көрінбей кетеді. Балалар енді қай жаққа жүрерін білмей дағдарып тұрады. Сөйтіп, жан-жағына қарап тұрса, ілгеріде бір биік қыр үстінде үлкен мола көрінеді.

Сұрақ: Үсен әкесінің қандай сөзін есіне алады?

Екінші жолдың сұрақтары осымен аяқталды. Сұрақтарға жауап бермеген немесе қате жауап берген ойыншылар ойыннан шығады. Қалғандары келесі жолға көшеді.

Үшінші жолдың сұрақтары:

1-сұрақ: Әңгіме қалай аяқталды?

2-сұрақ: Әңгіме неге «Бай баласы және жарлы баласы» деп аталған?

Төртінші жолдың сұрақтары:

1. Асан мен Үсеннің іс әрекеттерінде, мінез-құлқында бір-бірінен қандай өзгешеліктері бар? *(Екеуіне салыстырмалы мінездеме беру)*

2. Шығарманың айтар өсиеті не?

Ойын жеңімпазы анықталады.





**Перизат ЖЕНИСОВА,
Облыстық дарынды балаларға арналған
Абай атындағы мамандандырылған мектеп-
гимназиясының 7-сынып оқушысы.
Подстепное ауылы,
Теректі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.**

Ұлы елдің ұрпағымын

Әлемнің түкпір-түкпірін шарласаң да өз туған жеріңе жетпейді-ау! Туған жер — алтын бесік. Өз алтын бесігінде тербеліп, еркін өмір сүргенге не жетсін! Ал осы бесікте тербелуімізге кімдер себепкер болды?

Қазақ елі ешкімге алыспай беріспеген ел. Қазақ жері үшін қаншама батыр тер төкті. Бір соғыста жалғыз өзіне қырық адам тап бергенде еңсесін биік көтеріп, барлығында бір өзі жайратып салған Қобыланды батыр, қазақ елінің негізін құраған Керей мен Жәнібек, екі жақты саясатты ұстанған Абылай хан, бірі білегінің күшіне, ал бірі біліміне сенген Бұрындық пен Қасым. Тәуелсіздік алғанға дейін қазқтың басынан не өтпеді? Білек күшімен болмаса да, бір сөзбен соғыс тоқтатқан батырлар да болған. Сөз сүйектен өткен соң, мықты рухың мен қайтқан жігеріңді қайта қалпына келтіру қиынға соғар. Ал біз қазақ елі сөзге шешен, ұрыста мықты, билікте әділ бола білген елміз. Қазақ халқының көрген азабы да аз емес. Жоңғарлардан соң, ойраттар, олардан соң немістер. Екінші дүниежүзілік соғыс. Күтпеген жерден келген жау, қазақ халқын езгіге салғаны, бастапқыда жеңіліс болғанымен, «ештен кеш жақсы» деп арамыздан «мен, мен» деген Бауыржан, Әлия, Мәншүк, Талғат секілді батырларымыздың арқасында жеңіске жеттік. Алайда мұнымен ешнәрсе тоқтап қалған жоқ. Қазақтардың кең-байтақ жеріне қызыға да, қызғана да қарайтын елдер көбейе түсті. Қуатты елдер елімізге баса көктеп кірген болатын. Жерімізді алғанымен қоймай, билікті де өзгертті. Ал оған қазақтар бей-жай қарап тұрмады. Билік басында Қонаев болған кезде қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман болатын. Алайда, Колбиннің келуі біздің ырыс-несібемізді қуып жібергендей болды. Қазақ жастары момын болса да, ешқашан жерді өзге елге берген емес. Ел үшін, жер үшін өзінің қасық қанын құрбан еткен. Бастарынан шоқпармен ұрса да, далада үсік шалса да, соңғы уақыттарын өз туған жерінде өткізгеніне қуанышты болған еді. Міне, егеменді елдің ұрпағы ретінде Тәуелсіздіктің қандай жолмен келгенін жақсы білемін. Қазіргі таңда бабаларымыздың ерлігін естен шығару мүмкін емес. Қорытындылай келе ойымды Елбасының: «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, адамзатты, намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп, еңбек ет», - деген қанатты сөзі санамды жігерлендіріп, рух беріп қанаттандырып келеді. Бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерге ұмтылу — жас ұрпақтың басты бағыты болуы тиіс ойлаймын. Жер мен елдің әрі егеменді тәуелсіз мемлекеттің иесі өзім екенімді мақтан тұтамын.



Қолдарыңызға тиіп отырған журнал мектеп, мектепке дейінгі, арнайы, жоғары оқу орындары мұғалімдері мен оқытушыларына, жалпы оқырмандарға арналған. Журналға «Казпочта», «Ернұрпресс», «Евразия Пресс», «Эврика-пресс» арқылы жазылған тиімді.

Мекен-жайымыз: 050036, Алматы қаласы, Мамыр-2, 13-7.

**Қиын
алыңыз да,
жазылыңыз!**